

Л2005

6026к

# СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН





# СӘКЕН



КӨП ТОМДЫҚ  
ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ

# СЕЙФУЛЛИН

2

Өлеңдер



ААМҒЫ  
ҚАЗЫҒҮРҮ  
2004

*Қазақстан Республикасы  
Ақпарат министрлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакция алқасы:

С. Абдрахманов, Ә. Асқаров, Р. Асылбекқызы,  
К. Ахмет, С. Жалмағамбетқызы, Т. Кәкішұлы,  
Т. М. Көпбаев, С. О. Сейфуллин, С. Тұрғынбеков

Құрастырушылар:

**Тұрсынбек Кәкішұлы,**

Қазақстан Республикасы ғылымына еңбек сіңірген қайраткер,  
профессор.

**Күләш Садыққызы Ахмет,**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

**Сейфуллин Сәкен**

С 32 Көп томдық шығармалар жинағы, — Алматы:  
«Қазығұрт», — 2004. Т 2. Өлеңдер. — 392 бет.  
ISBN 9965-22-002-6

Қазақ әдебиетінің карағайдай тұлғаларының бірегейі, жалынды акын, айбынды күрескер, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің көп томдық шығармалар жинағының бұл томына каламгердің лирикалық туындылары топтастырылған. Оның өлеңдері хронологиялық тәртіппен жүйеленіп берілген. Оған автордың өзі де көмекке келеді, өйткені ол әр жырдың қай күні, қай жерде жазылғанына дейін көрсетіп отырған. Бұл Сәкеннің акындық қалыптасу, жетілу сатыларын шатастырмай бағамдауға жағдай жасайды.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ББК84 Қаз 7-5

С 4702250202  
482(05)-04

ISBN 9965-22-000-x

ISBN 9965-22-002-6 (том 2)

© «Қазығұрт» баспасы, 2004

## АҚЫН АСУЛАРЫ

Сәкен ең алдымен өзінің өмір сүрген дәуірін жырлаған, оны қастерлеудің өр де қиын жолдарын таба білген жанашыл ұлы ақын. Табиғи дарынын ажарлауға өнші-композиторлығы едәуір демесін жасағаны тағы бар. Бұл оның өнерпаздық тұлғасының бірден көзге ұратын үлкен белгілері.

Сәкен Сейфуллин — ірі қоғам, мемлекет қайраткері. Қазақ азаттық алады деп үміттенген шақта Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы болғандығымен емес, өзінің халқын өркениетке қалай жеткіземін, басқалармен терезесін қалай тең етемін деп ойланғанымен дараланған азамат. Ол өзінің өлең-жырларында, көркем шығармаларында, іс-әрекетінде осы арманын айтып, жазып отырды. Сәкен Сейфуллиннің публицистикасы осы мақсаттың үдесінен көрінді. Сөзі мен ісі бір жерден шықты.

Сәкеннің жалғыз ғана арманы — қорлық көрген қазақтың туын ұстап, әділдік жолын іздеп, бостандық, кендік, байтаққа күн-түн қатып жету еді. Бұл үшін кінәлауға болмас, бірақ большевиктік тоңмойындылықпен жасаған қадамдарының шәлкем-шалысы болғаны өтірік емес. Сәкен өзінің қарақан мансабы, бақ-дәрежесі үшін емес, елді өркендету қамында жүргенде артық сілтеп алған тұстары бар. Сенгеніне күзәй берілу, иман деп тапқанынан табан аудармау, көз жазбау, алданып қалмаймын ба деп бір сәтке ойланбау, көзсіз табандылық оған тән. Осы принцип Сәкенді әрқилы істе бірде сүріндіріп, бірде жарқыратып көрсетіп отырды. Тіпті өзі орнатқан кеңес үкіметі 1937 жылы өзіне қатер төндірген уақытта да ешбір шүбәланбай, баяғы сенгенімен кетуі қайран қалдыратын қасиет. Сенім күшінің бақыт та, сор да болатыны осы екен-ау деп толғанасың.

Дауылды төңкерістің қазақ еліне, кедей-кепшікке әкеле жатқан жаңалықтарын Сәкен жатсынып көрген емес. Оны өз қолымен орындады және халыққа сор болады деп есептеген жоқ. Көргенін, білгенін ашық, анық айтып-жазуды парыз санады. Қаншама аяулы, ардақты, құрметті ағалар дегісі келсе де, Сәкен «Тар жол, тайғақ кешуде» шындықтан шығандап кете алмады. Қазақтың қаншама зиялылары тарих-

тын шарайнасынан қалай көрінеріне назар аудармай, көрген-білгенін, естігенін жазды. Олардың ұрпағы өсіп-жетілетінін білмеді емес, білді, бірақ шындық бетіне кірбің түсірмеу қажет деп тапты. Жалған айтпай, шындықпен боламын деген принциптің өзіне әркімнің әр түрлі қарайтын мінезі Сәкенге дарыған емес.

1929 жылы ВКП (б) өлкелік комитетінің табанды талабымен Ташкентте Қазақ педагогикалық институтында 1927 жылдан бері ректор болып жұмыс істеп жатқан Сәкен Сейфуллин Алматыға қоныс аударды. Әуелінде тиісті жұмыс берілмей, бала-шағасын асырау қамымен досы Хаскей Өтекиннің жәрдемімен Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің әр мекемесіндегі сауатсыздарды оқытқаны үшін жалақы алып жүрді. 1929 жылы 2-қыркүйекте «Еңбекші қазақ» пен «Советская степь» газеттерінде «Менің қателерім» деген «мойындауын» жариялады. Оған өлкелік комитет те, оның органдары да сенбеді. «Сәкен жолдас жікшілдік қателерін мойнына алуға тырысқан, алайда көп қателерін айтпаған. Көп қателерін мойнына алудың орнына қателерін ақтауға тырысқан» деп «құйрық» жалғауда үлкен мән бар еді. 15-қазан күні Сәкен партиялық тазалаудан өтті. Кінәлы етіп, партиядан шығарса алаш азаматтары жатқан түрмеге апарып тығу мақсаттарына жете алмады.

Пенделік жайға көбірек тоқтаудың сыры өзінен-өзі аян болса керек, өйткені азаматтығы жетіспегеннің қоғамдық-әлеуметтік қайраткерлігі мен ақындығында мардымды береке болмасы айдан-анық. Сәкен — ары таза, жүзі жарқын, абырой-атағына дақ түсірмеген өрен тұлғалы азамат.

Сәкеннің ірі мемлекеттік ісі, қоғамдық қайраткерлігі, сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаздығы жөнінде, құдайға шүкір, бірқыдыру жазылып, ел-жұрт едәуір хабардар болғандықтан, оның тарихтан атын жоғалтпайтын ұлы ақындығының құпиясына азды-көпті назар аударған жөн. Сонда ғана біз тұлғалы тұтастықтың ажарлы бетін көріп, осындай азаматымыздың болғандығын мақтан ете аламыз.

## АҚЫНДЫҚТЫҢ АСҚАҚ АСУЫ — ЗАМАНА БЕЙНЕСІ

Сәкеннің өзімен теңдес, қатарлас, қанаттас болған қоғам, мемлекет қайраткерлерінен өзгешелігі — ұлы ақындығында. Ал ақындықтың ең мәнді сыры — жаңашыл, реформаторлығында.

Жаңашылдықтың ең негізгі арнасы өзі өмір сүрген заманның образын жасауында. Қай ақын-жазушы болса да замана бейнесін жасауға талаптанады, бірақ ондай бақыт ілуде біреудің ғана мандайына жазылады.

Біз өзімізді, өз дәстүрімізді қадірлеудің жөн-жосығына онша көп мән бере бермейміз. Бізге басқалардың жасайтын ықпалы әрі шипалы, әрі құнды болып көрінетін дағдыға бой алдырғандықтан, өзіміздікінің шын сырын жете ұғып, ардақтай бермейміз. Тіпті Абайдың өзін орыс мәдениеті арқылы жеткізіп жатамыз. Сол сияқты Сәкенді де Маяковскийге шәкірт етіп қойғанымыз өтірік емес. Әйтеуір бөтенге емінеміз. Ал шындығына келгенде Абайдың ұлылығы өзіне дейінгі ұлт топырағында өніп-өскен дәстүр, әдеби арналарды түгелдей бойына сіңіріп барып биіктесе, Сәкенге Абайдың рухы дарымағандай кежірейеміз. Түптеп келгенде, екі дәуірдің әдебиетіне көш басшы бола білгендердің тоқайласар үлкен арнасы бар. Ол — жаңашылдық.

Абайдың қазақ поэзиясына сіңірген ұлы еңбегі — жарқын да ажарлы жаңашылдығы болса, Сәкеннің алғаны да, шама-шарқынша ілгері дамытқаны да осы сала. Кейбіреулер Сәкен Абайға онша құлай қоймады дегенді сылтау қылып, Абай мен Сәкен арасына қытай қорғанын соғып, алшақтатып жіберуге тырысады және бұл мәселені көбіне идеялық арнада алып шықпаққа талаптанады.

Қазақ өлеңінің өрнегі жағынан болсын, әуендік мақамы, әуезілік ырғағы жағынан болсын реформа жасауда Абай мен Сәкеннің орындары ерекше.

Абай қазақтың өнге бейімделген силлабикалық өлеңіне тониканың үлгі-өрнектерін білдірмей қосып отырды. Бұл ақын қуатының мықтылығынан, күштілігінен болған құбылыс. Абай өлеңдерінің өрнегі мен өлшемдері былайғы жұртқа әлімсақтан бері қазақ поэзиясының төл түзілісі болып көрінеді.

Өйткені Абайдың ақындық диірменінің құдіреті сондай, ол қандай жаңа түр-үлгіні болмасын, жаңа мақам-ырғақты болмасын ұнтақтап, өз ыңғайына бағындырған уақытта шүмектен шыққан үннің қай түрі болса да қазақтың таным-түсінігінен шыққандай, ешбір қоспасы сезілмей тұрады. Бәрі де таныс-бейтаныс болғандықтан Абай сөзі айрықша тартымды да қызықты. Оның үстіне өрнек арқылы үлкен ғибрат-мағынада өріліп, дестеленіп шыққан кезде Абай жасаған жаңа дүние дәстүрлік сипатқа ие бола түседі. Қазақта бұрын бар ма еді, жоқ па еді деуге шамаң келмейді.

Абайдан басталған реформаторлық рух қазақ ақындарының ішінде Мағжанда бейнешілдікке ойысып, сөз құдіретін асқақтата беру жағында айрықша көп болса, сыртқы келбет екпінді ырғақ арқылы тоникалық өлеңге іш тарту Сәкенде мейлінше анық байқалады. Абай мен Сәкен осы салада бауырласады. Жана мақам іздеген уақытта Сәкен дәстүр шартынан қорықпаған, осылай жасау қажет деп ұққан. Бұл жолда оның тамаша табысқа жетіп жатқанын да көреміз, орынсыз о жарланған кезде омақаса құлап, ерінен ауып қалғанын, қазақтың өлең өрнегіне зорлық жасап, төсегін жыртқанын да көреміз. Сәкен жасаған өлең өрнектері Абаймен деңгейлес болмағанымен, реформаторлық ниеттері мейлінше рухтас екендігі даусыз.

Абай ағартушы-демократтық бағытқа берілгенде, ескі арна арқылы барамын, жетемін деген жоқ. Сондықтан ол бұрынғы дәстүрлі машықтар мен мақамдарды, терме мен толғауларды өзгерте, іштей түлете, кейде қирата бұтарлады. Е.Ысмайлов, З.Шашкин, С.Мұқанов тұжырымдауынша, Абай жасаған 16 түрдің көбі осындай төңкерісшілдіктің жемісі.

Осы рух кезі келгенде, уақыты туғанда кеңес әдебиетінің серкесі болған Сәкенге дарыды, жұқты. Замана өзгерісі, қиын өткелдер жып-жылмағай болып оп-оңай өте салмады. Ол ойға да, ниетке де, өлеңге де өзінің табын салып, ою-өрнегіне талай жаңалықтар әкелді. Осы процесс Сәкен творчествосында алабөтен болғандықтан, ол ұлы жаңашыл болып танылды.

Абаймен табактас, рухтас еткен өлең өрнегіне келсек, онда Сәкеннің атакты «Советстанының» түрін алдымен ауызға алу қажет. Өйткені ол Сәкеннің ілгерінді-кейінгі ізденістерінің қорытындысы, қазақ поэзиясындағы жаңашылдықтың үлгісі, әбден қалыптасып, көп уақыт өнеге шашқан өрнек.

Талай ғасырдан бері әдебиетіміздің қайнар бұлағы, өркендер арнасы болып келген поэзия жаңа дәуірде соны сипат ала бастады. Көбіне сюжетсіз жырланатын өмір шындығы, дидактикалық әуен Абайдан кейінгі көркемдік даму барысында уақыт дүмпуімен эпикалық масштабқа қол созды. Осының нәтижесінде профессионалды поэзиясының образ жасау бағыты өрістей түсті. Әр қилы көркемдік тәсілдер тоғыса келіп, С.Сейфуллин шығармашылығында өмір шындығы өршіл романтика арқылы жарқырап көрінді.

«Ақырды асау — жаңғырды дала. Тулады, орғыды асау — дүбірлеп күніренді дала... Көкіректі кернеп, кең даланы күнірентіп, қатты айқайлап ән салдым... Әніме қосылды: кең дала, аккумуля, қазды шалқар көл. қамысты, құрақты көк өзен, қосылды бәрі шуласып, қосылды бәрі шаптаным» — деген асқақ романтика алып екпінмен орнап жатқан жаңа өмірдің адуындығын аңғартқандай. Сондықтан Асау тұлпар аумалы-тоқпелі заманды бейнелеуге жарайтын образ болды.

Бұл образда біріне-бірі сабақтасып, іштей қабысып жатқан екі жай бар. Бірі — тұлпар қазақ әдебиетінде ерекше қастерленгендіктен оның дәстүрлік сипаты қалын. Сәкен Асау тұлпарды жырлағанда қазақ халқының таным-білігінен алыстамай, дәстүрді пайдалану арқылы әсер ету мақсатын көздеді. Сондықтан да халық Асау тұлпарды жатсынбады.

Екіншіден, Сәкен трактовкасында тұлпардың тек сыртқы түрі ғана сақталып, ішкі мазмұны, көздеген мақсаты, мінез-қылығы, іс-әрекеті мүлде жанаша суреттелді. Осы тұрғыдан алғанда қазақ поэзиясына Сәкен сіңіре бастаған жаналық, новаторлық әуелінде ескі дәстүрге сыйымды болып, соның бесігінде ер жетіп, заманға лайық жаңа түр екенін анық аңғартты. Соның нәтижесінде Асау тұлпар жаңа өмірдің апалан-топалаңы мен ізденісіне сай табыл-ған романтикалық астары қалын образ болды.

Сәкен 20-жылдардың ортасына жақын замана ағымына қарай қара айғыр — отарбаны ауызға ала бастады. Паровозды — қара айғырға теңеу арқылы Сәкен «дайындық жұмыстарын» жүргізіп, оқушының поэтикалық түсінігін келесі жаңа образға бейімдеді. Соның нәтижесінде «Біздің тұрмыс — экспресс» деп жар салуға мүмкіндік алды.

Бұрын атым — тұлпар еді, бөйге көк,  
Енді, міне, поезд болды, тұлпар жоқ.  
Ұзақ жолға!  
Тұлпар қол ма?  
Мейлі жорға!  
Тұлпар міну  
Сарыарқада жүрсен тек, —

деген түйінге мықтап бекіді. Негізі жаңа қалана бастаған өмірдің бейнесін осылай суреттеу, тілейік мейлі, тілемейік мейлі, қазақ әдебиетінің сол кездегі дамуының зор табысы болғаны даусыз және тарихи шындық қоркемдік тәжірибеде романтикамен осылайша қанаттанды. Орынқыпаған, әлі де талай өзгерістерге кезігетін өмірдің негізгі бағытын айқындауда Сәкеннің романтикалық леппен, публицистикалық сазбен жазған «Советстанның» жаңашылдықтың асқар асуы болуы осыдан.

Өзінің шырқау биігіне көтерілген реформаторлық рух «Советстан» өрнегіне талай бұлқыныс-ізденістерді ала келді.

Қазақ поэзиясының дәстүрлі он бір, жеті және аралас буынды өлеңдері ұлы Абайдан кейін құбыла молаюы Сәкен тұсында мейлінше күшейе түсті. Өйткені қазақтың ақындық аспанында Мағжан, Ілияс, Бейімбет, Сәбит сынды сәйгүліктердің бәсеке жарысы айқын естіліп жатуы және жаңа заманның дауылы, толқын-ырғағы өлең өрнегіне жаңалық әкелді. Жаңа мазмұн, жаңа түрді қажетсінді.

Сәкен поэзиясында тоникаға іш тарту басым болды. Ұйастан туатын ырғақты интонациялық екпінмен жеткізу қазақ поэзиясына сіңе бастаған жаңалықтың нышаны, силлабикалық өлеңге тоника элементтерінің ене бастауы еді. Абай мұны білдіртпей, сездірмей жүзеге асырса, Сәкен осы принципті «Советстанда» әбден орнықтырып, қазақ өлең өрнегінде бұрын кездеспеген жаңа түр жасады.

Замана бейнесін жасау мақсатына ден қойған автор көбіне жеделдікті, екпінділікті, өзгеріс-құбылысты жеткізу үшін ойды төгіп-төгіп, бастырмалатып айту замана динамикасына сай келетінін анық ұқты. «Ақырды асау, жаңғырды дала» деген сияқты әр қимылды тездете түсуге мүмкіндік беретін мақамды көп қолданды. Қазақ өлеңдерінің негізгі құрылысы ән — әуенге, саз ырғағына бейімделгендіктен интонациялық принцип көбіне тақпақтап, түйіп-түйіп айтуға іш тартып тұрады.

Зырла, экспресс. үш, зырла!  
Жұлдыздай ақ, құлдырла!  
Құйындай құтыр, бұлдырла!  
Аямай жүгір бәрін де! —

деген өлеңнің бар динамикасы дауыс екпініне құрылады да, өлең ұйқасы екінші қатарға көшіріліп, айтар ой ақырғы жол өзгешелігінен табылып отырады.

Ерлер мінсе, шыдасын!  
Қорқақтар мейлі жыласын,  
Шыдамаса құласын!  
Аямай сілте барынды! —

деп жігерлі түйінделеді. Аралас буынды өлеңнің ежелгі құрылысы сақталғанымен де дауыс ырғағы алғашқы қатарға шығып, жаңа леп пайда болады.

Силлабикалық өлең жүйесіне тониканың ырғағын енгізу талабы Сәкен поэзиясында ерте басталған. 1915 жылы қарашада жазған «Жазғы түнде» деген өлеңінің әр шумағы жеті жолдан құрылып, оның алғашқы екі жолы бір ұйқаспен (а,а), 4-5 жолы (в,в) бір ұйқаспен, 3-6 жолдары кейде ұйқасып, кейде ұйқаспай ой екпініне бейімделіп, ақырғы жетінші жолы екінші жолдың логикасымен сабақтасып жатуы тегін емес.

Уағдалы жерде отырып, (8) а  
Бір отырып, бір тұрып, (7) а  
Кешіккен соң ғашығын: (7) б  
«Не болды бұған, япырым-ау?»(8) в  
Келмес деп әлде жатырма-ау? (8) в

Тындайсың әрбір сыбырды (8) г  
Ауылды сырттан бакканда. (8) л

Осы өлеңнің ішкі ырғағына назар аударғанда алғашқы үш жолдың тынысы, лебі бір болып, ой ағынының алғашқы бөлегі тұйықталады, ал қалған төрт жолдың тек алғашқы екеуі ғана ұйқасқанымен үшінші жолы ой ағынын айқындайды да, төртінші жолы шумақтағы негізгі ойды түйіндейді.

1915 жылы жазылған «Көңіліме» өлеңі Сәкеннің интонациялық әуенге беріле бастағанына кепіл бола алады.

Бабына келген, (5) а  
Лепіріп желген (5) а  
Жүйріктей жүйткіп шабуға, (8) б  
Ұшады көңіл, (5) в  
Ұлпадан жеңіл (5) в  
Мұратын іздеп табуға, (8) б  
Еліктей жүйткіп еліктін, (8) г  
Көңілім-ау, босқа желіктін. (8) г

Осының өзінде ойды ырғаққа, интонациялық лепке бағындыру талабы күшті екенін көреміз де, Абай жөрегіне оралып шыққанын байқаймыз. Осының жетілген түрін 1917 жылы Қазан төңкерісін қуана қарсы алған «Кел, жігіттер» өлеңінен табамыз.

Ал енді Сәкеннің «Түрмеден қашып шыққанда» өлеңінің ұйқасы мен ырғағы тұнып тұрған жаңалық.

Уф, шіркін-ай, бұл не шаттық?! (7)  
Мен күшті енді! (5)  
Мен... (1)  
Мен...  
Мас...  
Тіршілік, тұрмыс менікі, (8)  
Әуп! (1)  
Ауаны жұтайын! (6)  
Жұтайын! (3)  
Кеудемді керіп жұтайын, (8)  
Бар ауаны құртайын! (7)

Бұл өлең өрнегінде әуен мен ырғақ, бунақ пен ұйқас ажырамас тұтастық тапқан. Ой, пікір түюге арналған шумақтардың өзі әрқилы болғанымен дауыс үндестігіне, интонациялық ырғаққа негізделеді де, ішкі ұйқасты арагідік сактайды. Бәрі де іс-қимылды аңғартатын етістіктен өріледі...

Мұнан кейінгі өлеңдерінде, әсіресе, «Ұлтшылдың сандырағы», «Біздің ұлан», «Ленин» атты өлеңдерінің өрнегін дамыта келіп Сәкен «Советстан» түрін жасады.

«Советстан» алты жолдан құрылып, ішкі буын-бунақ қатаң сақталады. Егер өлеңнің ішкі құрылысында ешбір өзгеріс, жаңалық болмаса жол саны мен буын-бунақтың мәні аз болар еді. Бірақ бәрі керісінше. «Советстан» 11, 11, 4, 4, 4, 11 буынды шумақтан тұрғанда силлабиканың негізгі шарты дұрыс сақталғанымен де, тониканың шарттары анық сезіледі.

1, 2 және 6 жолдар бунақтап айтуды қажет етсе, 3, 4, 5 жолдар міндетті түрде нәшпеннен бөлшектеуді, тақпақтап айтуды талап етеді. Демек интонациялық принцип өлеңнің өн бойына емес, тек белгілі бір жолдарына (3,4,5) дарып, екпінді ырғақ пайда болады. Ішкі ұйқастың да атқарып тұрған ролі зор. Бунақтар әр жолда тұрақты буынмен беріледі де, дауыс ырғағына әрқашан екпін түсіріп, экспрессияны күшейтеді. Сонда бүкіл өлең шумағына динамика еніп, кимыл-әрекет өзінен-өзі пайда болады.

Айда, отарба, (күш аямай) айдап бак, (11) а  
Дөнгелегің (зырылдасын), так-так-так! (11) а  
Шанқан жарық, (4) б  
Шамға қарық (4) б  
Болсын халық (4) б  
Электр жак (тынбай айда) жол ұзақ. (11) а

«Советстан» өрнегіне интонация ортақ қазық болып, әркілы лептердің бәрін өзіне бағындырады, адуынды тірлікті жаңа мақаммен жырлауға мүмкіндік беретін өрнекке айналады.

«Қазақ поэзиясының мазмұнына революция жасаған Сәкен дәл осындай революцияны оның лексикасы мен түріне да жасады. Оған көп мысалдың біреуі — «Советстан» поэмасы» — деп түйген С. Мұқанов пікіріне қосылмасқа болмайды.

Сонымен «Советстан» — қазақтың силлабикалық өлең жүйесіне тоникалық элементтерді мольнан енгізуге болатындығын әбден дәлелдеген туынды. Қазіргі қазақ поэзиясына осы жаңалық әбден сіңісіп кетті.

## АСУДАН АСЫРҒАН СОҚПАҚТАР

Мен әуелі Сәкен поэзиясының ұлы жетістігін өдейі бадырайтып көрсетуге талаптандым. Өйткені қазақ поэзиясында осындай ұлы жаңалық ашып, кейінгі дамуға ықпал жасаған өнер аспаннан аяғы салбы-

рап түсе қалмағаны белгілі. Олай болса оның туу, жетілу жолдарына көз салудың ешбір артықтығы жоқ және танертеннен кешке дейін насихатталып, әлсін-әлі өнерпаздық тұрғыдан болмаса да қоғамдық-әлеуметтік салада дау-дамай туғызып жататын ұлы Сәкеннің дәмесі көп болғанымен жарқырап көріне алмай жататын ақындардың ортасында таудың шоктығындай көзге түсетіні сөзсіз.

Сәкеннің «Өткен күндер» атты өлеңдер жинағы 1914 жылы шықты. Мағжанның 1912 жылы жарық көрген «Шолпанымен» семинарияның екі шәкірті қазақ әдебиетіндегі ағартушы-демократтық бағытты, яғни Абай салған жолды даңғылға айналдыруға үлес қоспақ болғандары анық. ХХ ғасырдың алғашқы жиырма жылында өздерінің әуені, қолтанбасымен келген Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ғұмар Қарашев, Сәбит Дөнентаевтар легіне Мағжан мен Сәкендердің қосылып, «Оян қазақ» ұранын елге жеткізгендері тасада қалмау керек.

Өнерге жетіліп, ілгері басу, басқалармен тең болу, елдің отаршылдықтан көріп отырған қорлықтарын айту ағартушы-демократтардың бәріне тән еді.

Сәкен творчествосын әңгімелей бастағанда бірден кеңестік өлең-жырдың қызыл туын желбіреткендей сөйлейтініміз бар. Әрине, ақынның мәнді де сөзді ізденістері мен табыстары жана заманмен іштей қабысып жатқаны рас, бірақ өсіп-өнген топырағын құнарсыздандырып, тағлым алған көркемдік дәстүрін суалтудың енді қажеттігі жоқ.

Уақыт жағына, айтары мен насихаттарына қарап, Сәкен өнерпаздығын екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші дәуір — ағартушы-демократтық әдебиеттің бесігінде тербеліп, ақындық келбетін айқындаған кезең. Екінші дәуір Октябрь күндерінде жазылған «Кел, жігіттер» атты тұңғыш советтік өлеңінен басталады. Осы кезеңдердің сыр-сипаты да, идеялық нысанасы да әрқилы.

Сәкеннің ағартушылық-демократиялық бағыты «Өткен күндер» мен «Асау тұлпар» жинағындағы төңкеріске дейін жазылған өлеңдері мен «Бакыт жолына» драмасынан көрінеді. Көп әдебиетшілер, әсіресе Темірғали Нұртазин мен Серік Қирабаев «Асығып тез аттандық» өлеңін советтік әдебиеттің басы деп есептейтіндеріне қарамастан, оны Сәкеннің революцияшыл поэзияға өтер шағындағы алтын көпірі, ағартушылық-демократиялық әдебиет бағытының түйінді туындысы деп тапқан жөн.

Октябрьге дейінгі кезең өзінің өнерпаздық кескін-келбетін, қолтанбасын іздеу процесі әр шығармасынан сезіліп отырады. Сәкен осы тұста ауыз әдебиеті дәстүрінен де, Абай үлгілерінен де, өзі оқыған шетел, әсіресе орыс әдебиеті өнегесінен де шапағат көргенін байқаймыз. Бұл мансұқтайтын жай емес, әрбір дарынның қалыптасу кезінде бола беретін, болуға тиісті құбылыс. Ағартушылық-демократтық кезеңде Сәкеннің алғашқы ақындық тәй-тәйін де, дүсірлете аттауға талпынған

сәтін де, екпін күш буып, буырқанған шағын да байқағанымызбен әлі де болса қаламының жастығы, ойының баландығы, эстетикалық талап-тілегінің көпейлігі сезіледі. Көркемдік шеберліктің айла-амалдарына жетіліп, сөз бояуларын кіріктіре алмай жатқан сәттерін де байқап қоямыз. Және осылардың бәрі де табиғи процесс екендігін ұғамыз.

Ақындық өнердің шәкірттік, баландық дәуірін өткізіп жүрген уақыттағы Сәкен шығармаларының біразы жастықтың албырт сезімдеріне, күйініш-сүйініштеріне арналып, лирикалық кейіпкердің жан дүниесін аңғартып тастайтын тұстары да аз емес. Әрине, өлеуінде хат жазу, көңіл білдіруден басталған сезім «жүрегімнің соққаны, тәтті дауыс — әнмен тең, дүниенің шаттық рахаты — махаббатым бір менің» дейтін шынайы да шымыр шумақтарға ұласып, профессионалдық поэзияның ұшқындай елендетер сәті аз емес.

Еркін ұшып далада  
Көкіректі кернесем.  
Нәрестедей гашиғымды  
Ат үстінде тербесем.  
Салған әнім күніреніп  
Дүниенің кетсе шетіне. —

дейтін мәдениетті армандарға қолы жетеріне сене түсеміз. Абай дәрісі текке кетпей, жалғасын табарын «күйдім, жандым жалындай, қиын қалқаш, біздің хал!» дегеннен анық аңғарылады. Бірде есейтіп, елдің мұнын жырлатқан Абай Сәкенді енді жастықтың отына осылай салып та жібереді.

Ақындық мектептің арғы-бергі дәстүрлерінен үлгі алып, өзінше талпынған тұста «суменен су сай-сайдан, ағып жатыр сылдырап, жас баладай алғашқы сөйлеген күліп былдырлап» болып көзге елестейтін, құлаққа естілетін үндер жас ақынның дұрыс жолмен биікке көтеріліп келе жатқанын байқатады. Ықпал әсерінен шыға алмай булыққан жанды емес, күш жинап, бұлаң өсіп, өз даусын, өз үнін, қолтаңбасын тезірек табуға талаптанғанын көреміз.

Тұлпар мініп жүйіткітіп  
Құйындай ұшып ұйытқып,  
Бір жерде көңілім тұрмайды.  
Мұратын іздеп  
«Дүниені кез» деп,  
Басқаға мойын бұрмайды .  
— «Іздейсің не?» — деп сұрадым  
«Көп» — дейді тілск, мұратым.

Осыдан лирикалық кейіпкердің көңіл күйін де, өршіл арман-тілегін де, Сәкенге тән болар өлен формасы мен дауыс ырғағын да аңғарып, ел үшін, халық үшін соккан жүректің лүпілі ойшылдықпен, сыншылдықпен ұласып, азаматтық келбет таныта бастайды.

Біздерде аз халыққа аға болған ер —  
Шын көңілімен өз жұртының камын жер.  
От басында ынтымақсыз өздері,  
Солар аға, солар басшы дегендер! —

деп ой түюге өресінің жетуі әлеуметті де, әдебиетті де қуантар құбылыс еді. Осындай азаматтық әуенді Арқаның асау желі аузынан қағып алып әлеуметке таратады, аяғын нығап басып, бойын жазар шаққа жеткенде «Асығып тез аттандық» туады. «Айдарына қызыл шок», «қызыл шашак» тағынған тұлпарларды орғытып, қызыл ішекті домбыраны қолға алып «Қызыл күнді» қарсы алуға, «ел-жұртты қуантуға» аттанғанына қарап «Асығып тез аттандық» өлеңін совет әдебиетінің алғашқы туындысы деп есептеуге болмайды. Өйткені революция атаулының бәрі де қызыл түске малынады, қызыл ту күреске шығады. Ол қызыл түс кімге арналып, кімнің жоғын жоқтап, сойылын соғады. Гәп, міне, осында. Сондықтан,

Зұлымдық пен  
Әділдіктің  
Алысканын айтайық  
Жер жүзінде  
Бай мен кедей  
Шабысканын айтайық.  
Кедей сүйер,  
Байлар күйер,  
Ауыздан от шашайық.  
Салып ұран:  
«Кедей, күрал!»  
Кедейден топ жасайық! —

деген идеялық айқындық, жігерлі мақам керек еді. Сонда ғана жаңа әдебиеттің айыл-тұрманы, мазмұны мен формасы жаңа көркемдік әдіс талабына жауап беріп, совет әдебиетінің тұңғыш туы болып жел-бірейді.

«Ұлы Октябрь революциясының дауылды толғағы Қазақстанда Сәкен Сейфуллинді туды да, жаңа дәуірдің жаңа жырын бастауды, заманның жаңа шындықтарын жаңа тенеу, тың образдар арқылы айтулы, сөйтіп қазақ поэзиясында лирикалық жаңа үлгілер жасауды, яғни советтік дәстүр салуды сол Сәкенге тапсырды». (Ә.Тәжібаев).

Сәкен ақындығының екінші кезеңі басталды. Жаңа заман өзінің жаңа идеалымен, жаңа эстетикалық талап-талғамымен келді. Сондықтан да ендігі жерде аты бостандық, теңдік, еркіндік, азаттық деген жалпылама түсініктердің өзін саралау, жіктеу қажет еді. Тап тартысы шарықтау шегіне жеткен шақта ақын-жазушының аузынан шығатын әрбір сөздің өзі нақты да айқын болуы шарт еді. Сондықтан В. И. Ленин социалистік әдебиет — «нағыз ерікті әдебиет болады, себебі оның қатарына көптеген жаңа күштерді пайдакүнемдік пен мансапқорлық тартпайды, социализм идеясы мен еңбекшілерге ниеттестік тартатын болады. Бұл нағыз ерікті әдебиет болады, себебі ол ретсіз тойғандықтан маубастанған кейіпкерлерге, сенімсіздіктен қайғы тартқан және азап шеккен «жоғарғы он мыңдарға» қызмет етпейді, елдің гүлі, оның күші, оның болашағы болатын он миллиондаған еңбекшілерге қызмет етеді» деп кейін социалистік реализм аталатын көркемдік әдістің алғашқы қадасын мықтап қақты. Өзінің таптық сырын жасырмайтын, әлеуметтік мәнін ашық айтатын әдебиет болады деген тұжырымды нақты жүзеге асыру қазақ әдебиетінде Сәкеннен басталды.

Жойылсын құлшылық, кемшілік,  
Жасасын әділдік, теңшілік.  
Бұрынғы қу қыспақ жол қалсын,  
Өз еркін бұқара қолға алсын.

Немесе:

Намысы бар нашардың балалары!  
Неше мың жыл күл болған бабаларың,  
Жолдастар!  
Сансыз нашар дүниеден салды ұран  
Сол нашардың жалғыз бір паналары,  
Жолдастар!  
Кедей ұлы жігерлі  
Бірігіп ұран салып қал.  
Қызыл тулы майданда  
Бостандықты алып қал, —

дегендерді түсіндіріп жатудың еш қажеттігі жоқ. Бүкіл қазақ елінің революцияшыл гимніне айналған «Жас қазақ марсельезасынан» бастап «Қызыл ерлер», «Жолдастар», «Жұмыскерлерге», «Біздің ұлан», «Экспреске» шейін тартылатын өзекті арна мазмұнының ашықтығы, түрінің жаналығымен көрініп, қазақ поэзиясында азаматтық (саяси) лирика айрықша өркендеді. Бұл, бір жағынан, жаңа әдебиеттің алдына қойған зор мақсат болса, екінші жағынан өмір шындығы, әсіресе төңкерісшілдік рухандырып отырды. Осының өзінен өмірді шынайы қалпында даму

үстінде суреттеу тенденциясы айқын байкалып, жана көркемдік әдістің тезірек қалыптасуына қолайлы жағдай туып жатты. Оған Сәкен, Сәбит, Баймағамбет, Жақан, Ілияс сынды дарындардың қосқан үлесі орасан зор.

Осы арада түсіндіре кететін бір үлкен мәселе бар. Батыстың әсірешілдері және өзіміздің «эстетсымақтарымыз» әсіресе совет өкіметі құлағаннан бері «Қазақ совет әдебиеті деп жүргеніміз қандай әдебиет? Ұлттық ақын ұғымын орнықтыру үшін ұлтсыз ақындар — советшіл, одақшыл, партияшыл батырақтар, көлгір интернационал белсенді ақындар жасаған «Қазақ совет әдебиеті» деген кампиған дөкейдін қарнын жарып, қоясын шығару керек деп жатқандар да бар. Олардың бетке шіркеу ететіні — әдебиет насихат құралы емес, ол эстетикалық категория деген желеу. Совет әдебиеті ертеңнен кешке дейін үгіт айтумен келді деген дәйексіз жала.

Совет өкіметі 70 жыл жасағанда өзінің сөзін сөйлейтін көркем әдебиетті жасап үлгерді. Басқалардан гөрі қазақтар осы тұста мол камтып, кенеттен көзі ашылған бұлақтай бүрк етіп, үлкен биікке көтерілгенін, орасан зор әдеби мұра жасап кеткенін ашық айтуымыз керек.

Сәкен, Ілияс, Сәбит, Бейімбет, Жақандар алғашқы жырларында саналы түрде үгітшілікке барды. Өйткені мәдениеті көпей, көркемдіктің дәмін енді ғана тата бастаған оқушыларға, қаланың пролетариатына, ауылдың кедей-кепшіктеріне ненің не екенін, қалай жүріп-тұру қажеттігін түсіндіру керек болды. Сауатсыз елдің санасына сіңетін ойды қарапайымдылықпен жеткізу шарт болды. Еңбекші халықтың мәдениеті өскен сайын ақын-жазушылардың замана талабына жауап бере алғандары әдебиетті өркендетті, ал оқушы деңгейінен аса алмаған ақындар өзінен-өзі жолдан шығып, жұтыла берді. Сондықтан үгіт-насихаттың қай кезде, қандай деңгейде айтылып, жазылғанның үлкен мәні бар, оны орынсыз дабыралатудан не мансұқтаудан сақ болған абзал.

«Сәбиттің осы мекен көрген қоқайы» дегендей советтің алғашқы кезіндегі социологиялық дәрекі сындары көңіл-күй сырлары мен махаббат сезімін жырлау барып тұрған әбес қылық деп санағаны белгілі. Өмірдің бүгінгі шындығын жырлауға мұрындық болып жүрген Сәкеннің жан сырын айқара ашып тастаған өлеңдері соның салдарынан талай рет сокқыға жығылды. Содан болу керек, біздің көп ақындарымыз бұл өлкеге аяқ баспай, «жасасындарға» көбірек бой алдырды. Ал Сәкен болса мұндай түсініктің қате екендігін айтып, өзінің жан дүниесін, тәтті етіне ашы таяқ тигеніне карамастан, әрқашан жырға қосуды парыз санады, бірақ кеулеп келген таптық, партиялық идеядан асып кете алған жоқ. Солай бола тұрса да «Ақын суреттеуіндегі лирикалық кейіпкерлер күрескер адам бейнесі ретінде бір ғана қырымен көрінбейді, ішкі қайшылықты дүниесімен жарқын да көлеңкелі мүсіндерімен елестейді. Ол кектенеді, қуанады да, күйіне мұңаяды да, ашынып толғанады да, торы-

ғып зарланады да. Мұның бәрі де қатал өмір сынына түскен адам жан дүниесінің ақиқат сырлары, бұл әсіресе сезімтал ақынның жырларынан орын алмасқа шарасы жоқ» деп тапқан болатын Есмағамбет Ысмайылов «Ақын және революция» атты монографиясында.

Заманның ұлы идеяларын жалынды жырмен, сезім сырымен оқушыға жеткізе білу ақынның творчестволық тағдырына айрықша әсер етерін Сәкен қатты ұқты. Сондықтан қапас түрме мен ажал вагондағы шерменде көңіл азаттыққа қол жеткен сәттегі ішкі драматизмі қалың ойларға ұласып, төнге батқан азап-бейнетке ата-баба да, аруақ-құдай да ортақтаса алмайтынын, өз бойындағы қажыр-қайрат қана алып шығып, көздеген мақсатқа жеткізетінін қазақ поэзиясында ұқтырған, сөйтіп оптимистік желіні сіңірген де Сәкен болды. Сондықтан оның шадыман шаттығына, қамыққан көңіліне, көзден аққан жасына, елі үшін шығар төзіміне сеніп, көп өлеңінің мақам-ырғағына, сезім-күйіне беріліп отырамыз.

Тәуекел дарияға салсаң кайық,  
Талмай жүз, тұтқан жолдан кетпей тайып.  
Дарияда бірде тыныш, бірде дауыл  
Қаңбақша кезер кемең қанат жайып.

Тымықта құлаш керсең әнге салып,  
Гулеп сал толқында да қаһарланып.  
Сыр берме жел кайыққа мінгеннен сон  
Рахатты, мекнатты да мойыңға алып.

«Оның шығармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын, ашық, жалқы емес, тұтас бітімді, жоталы тұлғадан туатын көрнекті, бүтіндігі бар сезімдер. Шыны қайда, өзі қайда екенін білдірмейтін, жаза баспайтын, кедір-бұдырсыз тақтақ жолдың ақыны Сәкен емес. Оның шыншылдығы қызып-жанып отыратын, буы білініп тұрған барынша жан сезімі, шын жүрек шындығы. Сондықтан мұның жолы әр адымын санап басқан кісінің жолы емес. Ылдиы бар, өрі бар шын өмір жолы, ыстық қанды нағыз ақын жол. Желісі үзілмей келген жиырма жылдық ақын жолы — жеңіл емес, күш-қуат, ой-сезім, іштегі нәр атаулының барлығын қуаныш пен күйіну, қиналу мен тебірену араларында жалындай жанып, ортаға салған жылдар. Бұл жолға жас қуаты, өмірлік бейнеті, жүрек қаны сарп етілген. Осы күйді Сәкен басынан мол кешті. Тегінде мағыналы, өрісті көш бастар, белге шығар үлкен еңбек туса осындай қайнар көзден шығуға лайық». (Мұхтар Әуезов).

Сәкен лирикасының осындай қадір-қасиеттері оның поэмаларымен еселеніп, замана образын жасаудағы ұлы жаңалықтарымен ажарлана түседі.

Сәкен лирикасын оқып отырғанда тежелмеген, жарылып атылуға, ағыл-тегіл сыр шертуге даяр тұрған күйді сезген шақта еркін сілтейтін күлаш, көсілетін жазық, айыз қандыратын аумақ қажет екендігін аңғарамыз. Бұл көп жағдайда лирикаға эпикалық масштаб дарытып, сюжеттік дүниелерге айнала береді. Осыдан да болса керек, Сәкенде поэмаға бергісіз сюжеттік өлең, ішкі драматизмі айқын сезілетін балладалар көп. Өмір көрінісін суреттемек болған өлеңдерінде эпикалық өуенмен күлаш қабаттасып, поэма не проза жазуға мәжбүр еткен тұстар аз емес. Мұндай творчестволық талапты Сәкен әуелгі кезде проза жанрымен атқарып келеді де, 1925 жылы қазақ совет поэмасының көшбастары болған «Советстанды» жазды. Оған дейін ақындық қуаттың табиғи өсу сатыларын өтіп, әлім жетеді-ау деген кезде поэмаға қол артты. Онда да өмір шындығының тегеуріні публицистикалық арнада көрінді. Жазбауға мүмкіндігі қалмағанда ғана қалам жебеді.

Қазақ совет поэзиясында күні бүгінге шейін оқушысын тамсандырып келе жатқан Сәкен маржандарының ішінде «Сыр сандықтың» жөні бөлек. Ол дәстүрлі қазақ мақамынан шықпай-ақ өлең өрнегіне орасан зор жаңалық жасауға болатындығын дәлелдеген, әлі күнге көркемдік қуатын солғындатпай келе жатқан туынды.

Сәкен өлеңді ойға құру, ақ өлеңге іш тарту, мазмұнды түрмен ашу сияқты ізденістерді өрістете келіп сылқым сылдыры, ойнақы өрнегі бар «Сыр сандықты» дүниеге әкелді.

Сыр сандықты ашып қара, (8)  
Ашып қара сырласым, (7)  
Сым пернені басып қара, (8)  
Басып қара жырласым, (7)

Өлеңді дөңгелендіре өрнектеу де қазақ поэзиясы үшін тың жаңалық болумен қатар, осы шырк айналған сөздердің сазы көңіл хошын тез тауып, еріксіз би билеткендей. Шалыс ұйқаспен жазылуы да өлеңнің инверсиясын күшейтіп, динамикасын ойнақы еткен. Сәкеннің мәнді ізденістері осындай сәтті түрлерге жеткізіп, халықтың эстетикалық талғамын қалыптастыруға жәрдемін тигізді. «Советстан» мен «Сыр сандыққа» еліктеушілер көп болды.

Жаңашылдығын жұрт әбден танып, мойындаған шақта Сәкен эксперимент-тәжірибені күшейтті. Жалаң түр қуушылыққа салынған кезі де болды. Жаңа өмірдің келбетін жасау қажет деген ұран белең алған шақта дыбыс қуу, қимылды күшейту, екпіндету тенденциясы өлеңнің мазмұнына да, көркіне де кесірін тигізіп, поэзиялық қасиеттен жұрдай еткен кезі де бар. Бүгінгі күннің көркін ұрандата жырлау, плакатқа айналдыру, рапорттау қажет деп сырт көрініске табынғанда тасырлаған дыбыстар қаптап, қара дүрсіндік етек алған кезі де жоқ емес. Оның үстіне

Маяковский болу тенденциясы да көп ақынның көңіліне ұялай бастаған шақта ішкі заңдылық қатаң сақталмай, силлабика жүйесі тас-талқан болып, өлеңдік қасиеттен жұрдай бола бастады.

Ала  
ту — жасыл,  
ак.  
Қалш-  
күлш. тағы  
так.  
Юд-  
Дут- Кол -  
Чак-

деген қисынсыздықтар көп ақынның қолынан шығып, поэзияны құлдыратты.

Өлең өрнегіне жаңалық енгізу үшін қанша ақындық күш-қуат, шабыт керегін ешкім есептеп шығарған жоқ, ал ақындықты күнкөрістің амалына айналдырып, әр жолдан тиын санап, күшене ұйқастырғандардың қолынан келмейтіні өзінен-өзі түсінікті. Жаңалық енгізу үшін дарын күшіне сенумен қатар сөз құдіретін, образ жасау амалын игеру шарт. Құдай берген қабілетті кезінде, ең бір қажетті шағында шамырқана пайдаланып, ел-жұрттың көкейіндегіні айта білу, бейнемен көрсете білу, сезіміне әсер етіп, жан серігіне айнала білу шын ақынның ғана қолынан келеді.

Заман қып-қызыл саясат дауылына кезіккен тұста Сәкен де дәуір талабын орындады, тіпті мұрындық болған кезі де аз емес, өйткені, ол жаңа заманның жаршысы, ұраншысы ғана болып қоймай, оны орнықтыру үшін серке болу міндеті өзіне жүктелгенін сезді. Сондықтан өзгеден гөрі екпіндірек қимылдағаны және соның бәрін қалтқысыз атқаруға еш ойланбай жан салғаны Сәкен жайлы зерттеулердің бәрінде толық және жан-жақты айтылып, жазылғаны көпшілікке мәлім. Сол себепті Сәкеннің азаматтық, әсіресе, саяси лирикасына талдау жасамай-ақ, социалистік реализм әдебиеті деген құбылысқа назар аударма кеткен орынды.

Қоғамдық сананың мәнді түрі болып табылатын өнер мен әдебиет идеологияның сойылын соғуға тиісті болды. Тек кедей-кепшікке ұнайтын, солар түсінетін шығармалар беруге міндетті болды. Алып қызыл империяның адамдары мен қайраткерлері бір арнада пікір айтып, яғни таптық көзқарастың төңірегінде шыр айналды. Міне, осы тұста социалистік реализм теориясы тұжырымдалды да, дүниенің бәрін бір қа-

лыпқа соқтыратын болды. Әуелгі кезде мұнын жөн-жосығы бары, мәдениет саласынан артта қалғандардың тезірек ұғынуына, түсінуіне қолайлылығы есте тұтылғанмен, кейіннен мүлде тұсап алып, оғарлыққа салынды, бұлтартпайтын доғмаға айналды. Оған мойын ұсынбағандар қашты, пысты, абақтымен аяқтады, сондықтан зордың күшімен мойындағандар да көп болды. «Аллаңнан ойбайым тыныш» дегендер табылды. Болар-болмас өлең шығарғыштар шын өнерді кәсіп көзіне айналдырып, біраздан кейін қос-көстеп жол бермеуге айналды.

Сәкен осы идеологияның ілкі сәтінен араласқандықтан да оның бар жақсылығын да, жамандығын да көзімен көрді, қолымен ұстады. Әуелінде романтикалық леппен «Кел, жігіттер, боғындар ер, кедей-кепшікке бақытты заман орнатып берейік» деген ұранның туын қазақ әдебиетінде алғаш көтеріп, біраз екпінделді. Асау тұлпармен қазақ даласына жар салды. Мынадай адуынды заманға тұлпар қол болмайтынын сезген соң қара айғыр-паровозға, поезға, экспреске көшті. Олардың екпінді күшіне елігіп «Социалистанды» орнатуға шақырды. Сөз бен істің біртіндеп алшақтай бастағанын сезгенде, зымыраған «Отарба терезесінен» қарап, бәрі де көңілдегідей, ойлағандай болмай жатқанын көріп «Сыр сандық», «Жұмсақ вагонда», «Аққудың айырылуын», «Лашын» хикаясын жазды.

Бір сәт ойланып, дүниенің қандай қалып-кейіп алып бара жатқанын көруге, білуге ұмтылған кезде «Сен күйректікке түстің, әдебиетке жат сарын әкелдің» деп бас-көзге соққылады. Қателескенін мойындаттық, ашық хат жаздырыдық. Бірақ өмір онамай қусырыла берді, көмпескеден кейін колхоздастыру, индустрияландыру ғұмырлары біріне-бірі жалғасып, ел бұрынғы күйіне зар болды. Аштық жайлап, халық қырылды.

Осы тұста Сәкеннен басқа бірде-бір ақын-жазушы тұяқ серпуге жарамай, орнап жатқан зауыт-фабрика, колхоз-совхозды, нефтістан мен көмір коммунизмді жырға қосып, социалистік мадақ дастандарды көздатты. Репорт үстіне мәлімет-ақпарат, өлең, очерктер қаптады.

Ешбір ақын-жазушы тұяқ серіппей жатқанда Сәкеннің «Біздің тұрмыс» романындағы перделі шындықты публицистикалық «Қызыл ат» поэмасына айналдыруы әбден заңды еді. Ал бұл поэманы сол кездегі қызыл көздердің қалай талағаны, Сәкенді кеңес әдебиетінен қуып шығарып, одақтас деп қана табуға себепкер болғаны, кешегі «уподничество»-сың, сарыуайымын ұмытпа алмай жүрген ақын» екендігін әлсін-әлі ескертпін отыруға да «социалистік реализмнің» шапағаты тиген болатын.

Солдай бола тұрса да қазақ әдебиетінде социалистік реализмнің орнығуына мұрындық болған Сәкенді одан бөліп ала алмаймыз. Оның табысына да, кеміне де Сәкен елден бұрын жауапкер. Социалистік реализмнің қазанында қайнап піскендігін тасада қалдыруға болмайды.

Сонда социалистік реализмнің принциптерін сынағанда оның орнығуына себепкер болған дарындардан безінуіміз керек пе? Жок, жок, мың рет жок. Бұл әдеби дамудың бір кезені, сондықтан оның артықшылығын да, кемшілігін де ашық айтып, әдебиет тарихынан классицизм, романтизм, сыншыл реализм сияқты ағым-бағыт болып тиісті орнын алуға, сарапқа түсуге тиіс. Бұл бағыттың ұлы да кемеңгер дарындары болғандығы тасада қалмауы керек. Сәкен, Сәбит сынды тура жолмен ойланбай тартып әдебиетімізді өрге сүйрелеген, сөйтіп жүргенде артық-кем сілтеген дарындардың бәрі де өздерінің қосқан үлесіне қарай тарихтан орын алары сөзсіз. Солардың ішінде айрықша жарқырап көрінер өр тұлға Сәкен екені даусыз. Сондықтан оны күні кеше ғана алаш арыстарына көрсеткеніміздей жұлмалап, бұрмалап, жүдетіп жүрмейік, қателікке қайтадан ұрынып қалмайық. Сәкен дарыны осылай толғанды талап етеді. Өйткені ол ешкімнен жеңілдік сұрамайтын, күтпейтін, кескін-келбеті, мінез-қылығы айқын ұлы ақындық.

Сәкен азаматтығына қайрат қылатын бір қасиет бар. Өмір сыны қаншама қиын бола түскен сайын оның жігер-қайраты соншалықты қайралып, қуаттана түседі. Бұл өміршең оптимизмнің жанынан да, тәнінен де табылуы көп жағдайда жігерлі өлең тудыруға бастап отырғанын талай жерден аңғаруға мүмкіндік береді. Оны біз әсіресе «Асау тұлпар» жинағының арнауынан немесе бүкіл қазақ жастарының гимні болған «Жас қазақ марсельезасынан» да көреміз.

«Дүниенің құлдық шынжырын қиратып, әділдік теңдік іздеген Сендерге арналды бұл әндер» деп ұрандатқан Сәкен өзінің құрбы-құрдас-тарын жігерлендіріп:

Азамат, жүнжіме, жүрме бос,  
Кол ұстас, бірігіп тізе қос.  
Ту ұстап дұшпанға барайық,  
Теңдіктің ұранын салайық,  
Тізесін батырған залымнан  
Күн туды — біз теңдік алайық! —

деген ұлы мақсатын ашық айтты, жазды. Біз бұл ұрандарды осы уақытқа дейін бір жақты ғана түсіндіріп келдік. Сол түсінік әрбір пенденің көкейінен әлі кете қойған жоқ. Оның негізі — бай мен кедейді атыстыру, шабыстыру, таптық күресті ушықтыру деп қана білдік. Ал осы жолдарға бүгін зер салып бір қарайықшы.

Сәкен десек ең алдымен «Жас қазақ марсельезасы» мен «Тар жол, тайғақ кешу» еске түседі. Бұл шығармалар Қазан төңкерісіне арналған, соның жоғын жоқтап, табысына қуанған дүниелер. Бұл төңкеріс қазақты, әсіресе кедейді жарылқайды деп Сәкеннің имандай сенгені, жанығып еңбек еткені рас. Коммунистік идеология тұсында таптық

күреске назарды мықтап аудардық та ұлттық танымды, ұлттық қажеттікті елей бермедік. Әйтпесе Сәкеннің ерлікке шақырған жігіттеріне, жүнжімеуге үндеген азаматтарына ең алдымен айтқаны,

Патшалан әділдік жоқ еді,  
Ұлықтар паракор тоқ еді.  
Бұқара халықты кем тұтқан,  
Жек көрген, игімен тең тұтқан.  
Қоспаған санына аламдық,  
Айламен ұстаған падан гып, —

деген әнұранының үшінші шумағында қандай мән бар деп ойландық па?! «Өзінен өңгеден кем халық» деп айтып салғанын түсіндік пе? Біз Сәкенді сол кезде казак пен отаршылар арасына жік салайын, ұлттық намысты ту қылып көтерейін деп отыр деуден аулақпыз.

Өз елінің езілгенін, каналғанын, қорлық-зорлық көргенін тұщы етіне ашы таяқ тигенін ұмыта алмаған жанның Қазан төңкерісі арқылы әділдік, теңдік, бостандыққа жетуге талаптанғаны екенін аңғармасқа болмайды. Бұл тілекті алашордашылар да айтты, жазды, әрекет жасады.

Қазақтың әуелде алашордашыларының да, төңкерісшілерінің де тілегі біреу, бірақ сүйенгендері басқа болды. Ал олар темір жолдың рельсіндей басы қосылмайтын идеологиялар соңында еді. Міне қазақтың оқығандарының мақсаты бір болса да, жүрер жолдары айырым, басқа болуы осыдан. Академик М. Қозыбаевтың тарихи шындықтарға негізделген мына ойын естен шығаруға болмайды.

«Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогреске ұмтылған жалпыхалықтық-демократиялық қозғалыс. Ал «Алаш» партиясының негізін қалаған үркердей топтың, «Алаш орданың» басынан аяғына дейін жүргізген саясаты дұрыс еді.

Сәкендердікі қате еді деп айтуға бола ма? Алаш жетекшілерінің 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі позициясын Тұрар, Сәкен т.б. түсінбеді деп кіналау қиын. Тұрар, Сәкен, Жүсіпбек, Бейімбет дүркірей көтерілген қалың халықпен болды, оның трагедиясын көзімен көрді. Олар отаршылдыққа қарсы шапқан қалың елмен болды. Ол большевиктік үгітін нәтижесі емес еді. Ол атадан мұра болған жол еді. Ал Қазан төңкерісінен кейін Ресей қоғамы екіге бөлініп, карама-қарсы тұрып, екі ұлай атысып, шабысып жатқан уақытта әділдік тек ақтар жағында болды деп айту қиын. Егер «Анненков келіп, орысқазағын қырып, әйелін қорлап, қызын зорлап, малын талап, қорқытып жатса, ал «Алаш» осы Қалединамен, Колчакпен бірлесіп жатса, сонда Колчактың ажал вагонында отырған Сәкен «Алашты» қалай аялауы керек» («Егемен Қазақстан». 12.08.1994 ж.) дегендерді мықтап ойластырған абзал.